

Балалар тағамдарын шығару жөніндегі қондырғы үшін республикалық бюджетке тауар кредитін өтеу туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық мәслихатының VIII сессиясының 2001 жылғы 19 қаңтардағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2001 жылғы 28 ақпанда N 292 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXV сессиясының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен.

РҚАО Ескертпесі: N 02-11 және 227 2005 жылғы 20 қаңтардағы Алматы қалалық Әділет департаменті хатының негізінде шешім "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабымен көзделген нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге жатпайды және онсыз қолданылады.

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Z934100_ Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Балалар тағамдарын шығаруға арналған қондырғыларды Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" P001190_ 2000 жылғы 4 тамыздағы NN№1190 Қаулысына, Алматы қаласы Әкімінің "Бөбек" балалар тағамдарын шығару жөніндегі зауыты" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын құру туралы" 2000 жылғы 16 қарашадағы N 1071 шешіміне сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қаласының Әкіміне 18640250 (он сегіз миллион алты жүз қырық мың екі жүз елу) АҚШ доллары (теңге бағамы бойынша) көлемінде тауар кредиті нысанында (балалар тағамдарын шығаруға арналған қондырғы) Республикалық бюджеттен қаражат тартуға рұқсат етілсін.

2. 2004-2010 жылдардағы Алматы қаласының бюджетінде 18640250 (он сегіз миллион алты жүз қырық мың екі жүз елу) АҚШ доллары (теңге бағамы бойынша) сомасындағы займды қайтару және оған қызмет көрсету бойынша міндеттемені өтеу кестесіне, Алматы қаласының Әкімі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі арасындағы қаражат тарту туралы кредиттік келісімде қарастырылған шарттарға және тәртіптерге сәйкес қаражат қарастырсын, қоса беріліп отыр.

3. Алматы қаласының Әкімі қондырғыны және "Бөбек" балалар тағамдарын

шығару жөніндегі зауыты" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын жалпы тауар кредитті үшін толық есеп айырысқанға дейін коммуналдық меншікте сақтау бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И. Шелипанов) және Алматы қаласының Әкімінің бірінші орынбасарына Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VIII-сессиясының*

төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты VIII-ші сессиясының
2001 жылы 19 қаңтардағы*

қ о с ы м ш а

**Балалар тағамдарын шығару жөніндегі қондырғы
үшін республикалық бюджетке 18640250
АҚШ доллары көлеміндегі
тауар кредитін өтеу кестесі**

| жылдары | Млн. АҚШ доллары көлеміндегі кредитті өтеудің жылдық сомасы | өтеу көздері |
|-------------|---|--|
| 2001 - 2003 | Пайдалануға беру, жобалық қуаттылыққа шығу | "Бөбек" балалар тағамдарын шығару жөніндегі зауыт", коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны |
| 2004 | 1,6 | |
| 2005 | 2,0 | |
| 2006 | 2,7 | |
| 2007 | 3,0 | |
| 2008 | 3,0 | |
| 2009 | 3,0 | |
| 2010 | 3,340250 | |
| Жиыны: | 18,640250 | |

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты VIII-ші сессиясының*

төрағасы

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ